

**«И.Журба атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі «Жол қауіпсіздік ережелері» бойынша 2022–2023 оқу  
жылының I жарты жылында атқарылған жұмыстар.**

ҚР Еңбек Кодексінің 4 бөлімі «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» бөліміне ҚР 2014 жылғы 17 сәуірдегі «Жол жүріс ережелері» №194 Заны, ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы «Баланың құқықтары туралы» №345 Заны, ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы «Жол жүріс қағидаларын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы» №1196 қаулы, Қазақстан Республикасы Оку-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығын және мектептің 2022 жылғы 31 тамыздағы №1 педагогикалық кеңестің шешімін негізге ала отырып, Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу жоспары, жолда журу ережесі, нұсқаулық іс-шара жоспары жасалып, бекітіліп, іске асырылды.

Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-ші сыныптан бастап 8-ші сыныпқа дейін жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып, айна бір рет қана жүргізіледі.

Жол қозғалысы ережелерін игеруіне 1-4 сыныптарына жылына әр сыныпқа берілген 6 сағатты сыныптан тыс тәрбие сағаттарының есебінен өту сынып жетекшілерге міндеттелген.

Жол қозғалысы ережелерін игеруіне 5-8 сыныптарына жылына әр сыныпқа берілген 10 сағатты сыныптан тыс тәрбие сағаттарының есебінен өту сынып жетекшілерге міндеттелген.

Жолда журу ережелері қозғаласын игеру мақсатында «Жас инспекторлар» жасағы үйымдастырылған

«Жас инспекторлар» жасағын үйымдастыру және жұмысын жыл бойы жүргізу тәлімгер А.Қалмұрзаға міндеттелген.

Отряд командирі: Ескермес Жақсылық

Отряд командаринің орынбасары: Ербай Санжар

Отрядтың пресс-секретары: Серіkbайқызы Аружан

Отрядтың I-ші тобының басшысы: Базарбай Ұлан

Отрядтың II-ші тобының басшысы: Жаңабай Нұрасыл

Отрядтың II-ші тобының басшысы: Сапарәлі Бағлан

Отрядтың IV-ші тобының басшысы: Байтұрсын Бейбарыс

Топ мүшелері: Шохаев Саламат, Әсілбек Бекзат, Абылай Ерасыл, Қалқожа Есімхан

Жол қозғалысы ережелерін оқыту сабагы жалпы мектептің бастауыш сыныптары мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен іске асырылады. Оқыту және сыныптан тыс жұмыс процесінде оқушыларды көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қозғалысы ережелерін мұлтіксіз орындауға тәрбиелеуге ықпал жасайтын қысқаметтражды бейнефильмдер көрсетілді.

Мектепте сынып оқушыларымен өткізілген жиналышында «Жолда жұру ережесін сақтайық» жол ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Балалар біздің келешегіміздің кепілі, дені сау ұрпақ Қазақстанның қарыштап қанат жаю жолында бүгінді ертеңгі жалғаушы дәнекер. Осы жолда жас ұрпаққа саналы білім мен рухани тәрбие беріп қана қою аз, біз оларға төнетін өзге де қауіптің алдын алуымыз шарт. Алтын ұя мектебіміз ауылдың шыға берісте ауылдың басты жолының жанында орналасқан. Орталық жерден өтетін ерсілі-қарсылы машиналар және тракторлар саны көп. Сондықтан әрбір оқушы күнделікті мектепке келерде көшеде жұру тәртібін жақсы білуі керек. Оку жылышында «Жол қауіпсіздік ережелері» бойынша іс-шаралар жоспары жасалды. Осы жоспар бойынша мектепте іс-шаралар өтті.

Жалпы білім беретін мектептердің 1–8 сыныптарына арналған Жолда жұру ережелерінің оку бағдарламасын басшылыққа ала отырып сынып жетекшілер жұмыстар атқарып келеді. Мектеп коридорында «Жолда жұру ережесі» бұрышы жасалды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Тажиева пен мектеп инспекторы Н.Әбжан оқушыларға «Көшеде жұру тәртібі мен қауіпсіздік ережесі» тақырыбында 9–11 сынып оқушыларымен жиналыш өтті. Оқушыларға көліктің кез-келген түрін жүргізуге рұқсат жоқтығын ескертті. Журіп келе жатқан машиналардың алдынан өтіп кетемін деуші болма, ол тоқтағанша, не өтіп кеткенше тоса түр. Көшеден өтерде әуелі сол жағына, көшениң орта тұсына жеткенде оң жағына қара. Егер машина келе жатса, өтіп кеткенше сол орнында, ак жолақ сыйылған тұста күте түру керектігін айтты. Қыркүйек айында 1–4 сынып жетекшілері «Мектепке баар қауіпсіз жол» тақырыбында сынып сағаттарын өтті. Тәрбие орынбасары С.Рахимбаев және сынып жетекшілер «Абайланыз балалар!» тақырыбында ата-аналарға онлайн түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Тәлімгер А.Қалмұрза 5–7 сынып оқушыларымен «Жол қауіпсіздік ережелері» тақырыбында сайыс сабак өтті. «Қауіпсіз мектеп» акция аясында мектеп медбикесі Ж.Сергулиева «Жарақат алған кездегі алғашқы жәрдем» тақырыбында баяндама оқыды. Педагог-психологы П.Исаева 8-сынып оқушыларымен «Жол ережесін сақтаймыз» тақырыбында флэшмоб өтті.

Викториналар, жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалысы, қауіпсіздігі жөнінен жарыстар ұйымдастырылды. 10 «А» сынып жетекшісі А.Аширбекова, 11 «А» сынып жетекшісі Б.Бейсенова «Жол қауіпсіздігі, ережелерін есінде сақта» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Бастауыш сынып мұғалімдері «Көшеде журу тәртібі» тақырыбында сынып сағаттарын өтіп қысқа метражды кинофильмдер көрсетілді. Барлық сыныптарда «Жол қауіпсіздік ережесі» бойынша іс-шаралар кестеге сай өткізілді.

